

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» факультетінің 2022-2023 оқу жылындағы
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының
№7 мәжілісінің хаттамасы**

Түркістан қаласы

31.03.2023 ж

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы:

1. Шалабаева Жанар - аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Жаркинбаева Динара - декан орынбасары, магистр-оқытушы;
3. Рахмет Үсенбек - п.ғ.к., доцент;
4. Динашева Ләззат - т.ғ.к., доцент;
5. Примкулова Гауһар - т.ғ.к., доцент;
6. Джумадуллаева Асель - т.ғ.к.;
7. Мейірбекова Гүлмира - PhD, аға оқытушы;
8. Садуова Жанар - п.ғ.к., доцент;
9. Тажибаев Ғалымжан - магистр-оқытушы;
10. Исакова Парида - п.ғ.к., доцент м.а.;
11. Қаттабекова Назгүл - т.ғ.к.;
12. Паштанов Султан - аға оқытушы;
13. Шилменбетов Саян - аға оқытушы, хатшы;
14. Төрөбай Ақтолқын – магистрант 1 курс, МНК-211
15. Тимерхан Дариға – студент 2 курс, ППМ-011 ;
16. Нуралиева Жансая - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Комиссия хатшысы: Шилменбетов Саян

Шақырылғандар:

1. С.Абжалов – ф.ғ.к., факультет деканы.
2. Л.Ибрагимова – оқу бөлімінің басшысы.
3. А.Жумадуллаева – «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі.
4. А.Рысбекова - «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі.
5. Е.Шахабаев - Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы.
6. А.Бостанова -Академиялық департамент директоры.
7. Қ.Полатбекова - Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Қатыспағандар: У.Рахмет

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне

және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру

3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау;

4. Наурыз айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрайымы, аға оқытушы Ж.Шалабаева: Жұмыс берушілердің сауалнамасын жүргізу жазғы сессиядан кейін іске асырылады. Ол жұмысқа орналасқан бітірушілердің білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі. Сауалнама нәтижесі бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары мен тілектері білім беру бағдарламасын құрастыру барысында назарға алынады, қажетті талап етілетін мамандықтар бойынша таңдау пәндеріне соның нәтижесінде ғана өзгерістер енгізіледі, - деп атап өтті.

Шешім:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамасын ұйымдастыру АКК-не және кафедра меңгерушілері А.Джумадуллаева, А.Рысбекова, А.Жумадуллаева, Г.Примкулова, А.Белдебековаға жүктелсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе ФСҚЕЖК төрағасы С.Паштанов: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында оқу жылында екі рет сессиядан кейін сауалнама ұйымдастырылады. Сауалнама нәтижесі факультет кеңесінде және кафедра мәжілістерінде талқыланып, тиісті шаралар қолданылады.

Шешім:

1. ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін сауалнамаға білімгерлердің толық қатысуын қадағалау жұмысына мониторинг жасау АКК-не және кафедра меңгерушілері А.Джумадуллаева, А.Рысбекова, Б.Әуезов, Е.Абдраманов, А.Белдебековаға жүктелсін.

3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы С.Паштанов сөз алды: Жаңа 2022-2023 оқу жылына келесі ББ бағдарламалары әзірленуде:

7M01202 -Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

7M01303 -Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

6B01101- Педагогика және психология

7M01101- Педагогика және психология

8D01101- Педагогика және психология

7M02210 -Тарих

8D01604 -Тарих

6B03239 - Журналистика

ББ дайындалу барысы туралы кафедра меңгерушілері сөз алды. «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент А.Рысбекова: - Біздің кафедра бойынша ББ үш деңгейде жасалынып, жаңғыртуда, олар 6B01101- Педагогика және психология,

психология, 7M01101 - Педагогика және психология, 8D01101 - Педагогика және психология бойынша. Аталған ББ бойынша жауапты тұлғалар жұмыс жасауда.

«Білім технологиясы» кафедрасының меңгерушісі А.Жумадуллаева, Біздің кафедра бойынша магистратура деңгейіндегі 7M01202 -Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы, 7M01303 -Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандықтары бойынша ББ жаңартылуда.

«Тарих» кафедрасының меңгерушісі Г.Примкулова.: Біздің кафедра 7M02210 – Тарих, 8D01604 -Тарих бойынша ББ әзірленуде деп атап өтті.

Шешім:

1.Кафедралар бойынша тиісті ББ-лары ББ дайындау ережелеріне сәйкес дайындалсын. Жауаптылар кафедра меңгерушілері А.Рысбекова, А.Жумадуллаева, Г.Примкулова, А.Белдебековаға.

4. Наурыз айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

4.1. Сауалнама ұйымдастыру бойынша факультеті сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Ж.Шалабаева сөз алды: «Құрметті ОПК!!! Сауалнаманы нәтижелі жүргізу үшін барлық кафедралардың меңгерушілері және топ жетекшілері білімгерлердің 100% қатысуын қадағалау керексіздер».

Шешім:

1.Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамасын ұйымдастыруға жауапты кафедра меңгерушілері А.Рысбекова, А.Жумадуллаева, Г.Примкулова: А.Белдебекова.

2.Нәтижесі факультет кеңесінде және кафедра мәжілістерінде талқыланып, тиісті шаралар қолданылсын.

4.2. Сапамен қамтамасыз ету комиссиясының ережесі, жалпы жұмыс бағыттары туралы Е.Шахабаев мырза сөз алды: - ФСКЕЖК ережесі университеттің академиялық саясатына сәйкес бекітілген. Сондықтан ФСКЕЖК мақсаты білім беру бағдарламаларының сапасына мониторинг жасау, ұсыныстар жасау қажет. Сонымен қатар, ББ сапасын арттырумен қатар, әдебиеттермен қамтамасыз етілуін, ОПК біліктілігін жетілдіру, кадрмен қамтамасыз етуді назардан тыс қалдырмау қажет. Сондай-ақ Академиялық саясаттың 4.4.4.басына сәйкес күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты қажетті әкімшілік басқару қызметкерлерінің өкілдерін қатыстыру керек.

Мәжіліс төрайымы:



Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:



Шилменбетов С.